

БОЛАШАҚТА ҮЗДІК БОЛУ

ПМПИ ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор А.Нұхұлының Ғылыми кеңеске ұсынылған «2017-2019 жылдарға арналған ЖОО дамуының жаңа бағыттары» баяндамасы әріптестер арасында оң бағаға ие болды. Аймақтың жоғары мектеп қызметкерлерінің бірі, ғалым-педагог В.К.Омарова жоғары оқу орны дәстүрлерінің оралуын қолдап, баяндамада қойылған шешімдердің нақтылығын, жиналған мәселелерді шешуге ғылыми көзқарастың қарауын және олардың шешілуінің айқындылығын атап өтті.

Өзіндік тарихы мен қалыптасқан дәстүрі бар Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты қызметінің белгілі бір қырларын өзгерту - заман сұранысы мен талабынан туындаған мәселе. ЖОО қызметінің жеткен жетістігі бірнеше онжылдық бойы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлап, «педагог кадрлардың ұстаханасы» атануынан ғана емес, сондай-ақ Павлодар мектептерінің беделі республикалық ҰБТ қорытындысы бойынша дәстүрлі жоғары рейтингте ие болуынан да көрінеді.

Уақыт - бір орында тұрмайтын құбылыс. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетовтің төрағалығымен өткен Республикалық конкурстық комиссиясы ЖОО ректорына кандидат Алтынбек Нұхұлының үш жылға ұсынған ПМПИ даму бағдарламасын жоғары бағалады. Ағымдағы жылдың 19 қыркүйегінде атап өткелі отырған ЖОО-ның 55 жылдық мерейтойы қарсаңында оқу орны қабырғасында күрделі құрылымдық өзгерістер жүргізіледі, педагогикалық білім берудің жаңартылу механизмдері іске қосылады.

Баяндамашы бірінші кезекте ЖОО қызметінің әлсіз буынына назар аудалды, заманами мектеп

пен педагог кадрларын даярлау талаптары арасындағы алшақтықты қысқартудың қажеттілігін ерекше атап өтті.

Бұрынғыша жұмыс істеуге болмайды, бұл жол аутсайдердікі. Сонымен қатар ЖОО-мен жинақталған баға жетпес тәжірибе оның терең болып табылатынын, ПМПИ ардагерлері енетін «Ақылдастар алқасы» кеңесінің құрылуын Алтынбек Нұхұлы ерекше атап өтті. Ректор даярлықты және басты стратегиялық шешімдерді негіздейтін, жалпы ЖОО қызметі мен дамуын бақылайтын қайта құрылған ақпараттық-сараптамалық орталыққа үлкен үміт артады. Оның құрылымына 6 бөлім енеді, олардың жұмыс үйлесімі қайталауды және бюрократиялық кідірісті болдырмауға мүмкіндік береді. Баяндамашы атап өткендей, ЖОО дамуының жаңа бағдарламасы алты бағытта жүзеге асырылады. Негізгісі - ЖОО-ны басқаруды арттыру тиімділігі мәртебесінің және ұйымдастыру-құқықтық меншігінің өзгеруінен басқа «Назарбаев Университеті» тәжірибесін тарату және білім беру нарығында ЖОО-ны тұрақтандыру бойынша шаралар көшенің қолдануды қарастырады.

Екінші бағыттың жүзеге асырылуы педагог мамандығына талапкерлерге бағдар беру, педагогикалық білім беру мазмұны мен оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңартылуы, кадрлар өлеуетінің күшеюі және еңбек тиімділігін арттыру бойынша жүйелі және кешенді шаралардың жасалуында.

Тәрбие жұмысы және жастар саясаты жүйесін жетілдіру Республиканың барлық ЖОО-лары үшін өзекті мәселе болып табылады. Барлық мамандықтардың және оқу түрлерінің студенттеріне арналған жаңа бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде, келесі оқу жылынан бастап, оқу жұмыс жоспарларына «Менілік ел» пәні енгізілетін болады.

Төртінші бағыт - ғылым, білім мен заманауи мектептің біріктіруі біршама материалдық шығындарды қажет етеді. Ғылыми зертханалардың сертифици-кәтталуы мен аккредиттелуі, ғылыми құрал-жабдықтардың жаңартылуы бойынша кешенді жұмыс жасау алды-мызда тұр. Бағдарламада бөлек бағыт болып көрсетілген инфра-құрылымның дамуы да қомақты қаражатты талап етеді. ЖОО-ның сырт келбеті мен оның құрылымдары өзгереді.

Әрине, осындай өзгерістер айтарлықтай ақшалай ресурстардың талап ететінін айта кету керек. Қатаң үнемдеу тәртібін енгізілуімен қатар, ЖОО-ның жаңа басшылығы бюджеттің пайдалы бөлігінің арттыруын тек студенттер контингентін арттыру, ғылыми-зерттеу жұмысының дамуы арқыты ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, ақылы қызметтерді көрсету арқылы да жоспарланып отыр. Бұл мәртебесі мен ұйымдастырушылық-құқықтық меншік нысанын өзгерткенде мүмкін болады.



Жүйелілік, мақсаттық, мониторингі тәрізді ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, ЖОО-ның басқару, академиялық және қаржы автономиясын қамтамасыз ете алатынымызды А.Нұхұлы атап өтті. Бастысы - менталитетімізді өзгертіп, корпоративтік рухымызды нығайтып отыру керек.

«Ұйымшыл ұжым бірталай жетістіктерге жетуі мүмкін. Біздің бірлігіміз - ер мақсаттарымызға жетудің көрсеткіші, осылардың бастысы - еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындары арасында бірінші орынды иелену», - деді А.Нұхұлы өз әріптестеріне. Корпоративтік рухты нығайтудағы үлкен рөлге ие болып отырған институтымыздың 55 жылдық мерейтойы. Мерейтой қарсаңында оқу ордамыздың сәулет стилі өзгертіліп, бірқатар кітаптар басылып шығады, солардың қатарында атақты педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсарин туралы Республикамыздағы алғашқы энциклопедия, жартығасырлық тарихы бар жоғары оқу орнымыздың үздік түлектері туралы «Аманат» кітаптар топтамасы, «ПМПИ тарихы: сандар мен фактілер», «Баянаула перзенттерінің» үшінші кітабы және т.б.

Педагогикалық білім беруді жанартуда баяндамашы көзқарасының бұлтартпастығы мен өзектілігін оқу ордамыздың ақсақалдарының бірі, биология ғылымдарының докторы, профессор Қ.О.Базарбеков атап өтіп, басшылыққа «Ақылдастар алқасы» кеңесін құрғаны үшін өз алғысын білдірді. Коммерциландыру бойынша ұсыныстарды қолдап, институт жаңындағы қолдауды қолдады.

Жаңа ақпараттық-сараптамалық орталықтың құрылуы да ғалым-әріптестердің қолдауына ие болды. Бұл орталық ЖОО жұмысының барлық бағыттарын оңтайландырады әрі үйлестіреді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Сағындықұлы атап өткендей, жаңа құрылған білім шешімдердің орындалуын арттырып, нақты мониторингті қамтамасыз етеді және әртүрлі құрылымдық бөлімшелер жұмысында қайталаудан құтыламыз.

Әрбір қойылған мәселені орындау үшін әрбіреуімізге адал, парасатты, жан-тәнімен беріліп жұмыс жасау қажет. Қуш салмай жұмыс істесе, онда қайтарым да болмайды, деп ойлайды оқу ордамыздың ардагері, философия ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ф.Зағұпаров. Сексеннен асқан құрметті ақсақалымыз «Мақсатымыз анық, міндеттеріміз белгілі, жұмысқа кірісейік!» деген жалынды сөздермен жас әріптестеріне ұран тастады.

Кез келген өзгерістер біршама күйзеліске әкелетіні барлығымызға мәлім екені жоғары оқу орнымыздың ректоры А.Нұхұлы айтып өтті. Бірақ тек осындай жолмен ғана ұжым мақсаттарына жетуі мүмкін. Ғылыми кеңес өзінің басшысын бірауыздан қолдап, түбегейлі өзгертулер, қайта құру мен кешенді реформалар жолын таңдады.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының ұжымы.